

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2024 ж
	Ереже «Scopus, Web of Science Core Collection ғылыми мақалаларды жариялағаны үшін оқытушыларды көтермелеу тәртібі туралы»	ССБЖ 3-шығарылым

ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТІЛДІ»

ҚМУ Ғылыми кеңесінің шешімі,
 №1 хаттама «02» 09.2024 ж
 Е. Мамбетказиев

SCOPUS, WEB OF SCIENCE CORE COLLECTION ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫ ЖАРИЯЛАҒАНЫ ҮШІН ОҚЫТУШЫЛАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Өскемен, 2024 жыл

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2024 ж
	Ереже «Scopus, Web of Science Core Collection ғылыми мақалаларды жариялағаны үшін оқытушыларды көтермелеу тәртібі туралы»	ССБЖ 3-шығарылым

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже ҚАЕУ оқытушыларына Scopus халықаралық базасында және Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін басылымдарда (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері, сондай-ақ Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында оқытушының ғылыми зерттеу бағытына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірінде CiteScore көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) пайыздық деңгейден төмен емес) ғылыми мақалалар жариялағаны үшін біржолғы көтермелеуді тағайындау мен төлеу тәртібін реттейді.

1.2. Төлем оқытушылардың ғылыми қызметін ынталандыру және университеттің штаттық оқытушыларының жарияланымдық белсенділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

2. Көтермелеу алу критерийлері

2.1. Оқытушы Scopus халықаралық базасына енгізілген және Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелетін (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдері, сондай-ақ Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) пайыздық деңгейден төмен емес ғылыми салалардың бірінде жарияланған) рецензияланатын журналдағы ғылыми мақаланың авторы немесе қосалқы авторы болуы тиіс.

2.2. Төлем жарияланымның тиісті халықаралық базалар – Scopus немесе Web of Science Core Collection-да индекстелгеннен кейін жүргізіледі.

3. Көтермелеу мөлшері мен төлеу тәртібі

3.1. Біржолғы көтермелеудің мөлшері төмендегідей:

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2024 ж
	Ереже «Scopus, Web of Science Core Collection ғылыми мақалаларды жариялағаны үшін оқытушыларды көтермелеу тәртібі туралы»	ССБЖ 3-шығарылым

– ҚАЕУ-дің штаттық оқытушысы авторлар тізімінде екінші және кейінгі орындарда, бірақ бесінші орыннан аспай көрсетілген жағдайда – жарияланым үшін 100 000 (жүз мың) теңге;

– ҚАЕУ-дің штаттық оқытушысы авторлар тізімінде бірінші орында көрсетілген жағдайда – жарияланым үшін 150 000 (жүз елу мың) теңге;

– ҚАЕУ-дің штаттық оқытушысы жарияланымның жалғыз авторы болған жағдайда – 200 000 (екі жүз мың) теңге.

3.2. Төлем жүргізуге қажетті қаражат университет басшылығы бекіткен ҚАЕУ бюджеті есебінен бөлінеді.

4. Өтінімдерді қарау тәртібі

4.1. Көтермелеу алу үшін оқытушы ҚАЕУ-дің ғылыми-зерттеу бөліміне жазбаша түрде өтінім береді.

4.2. Өтінімге қоса тіркеледі:

– мақаланың көшірмесі;

– Scopus немесе Web of Science Core Collection халықаралық базаларында жарияланғанын растайтын құжат (ресми сайттар www.scopus.com немесе www.webofscience.com арқылы алынған сілтеме).

4.3. Ұсынылған құжаттар негізінде ғылыми жұмыс және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі проректор университет Ректорының атына қызметтік жазба жасайды.

4.4. Қызметтік жазба негізінде университет Ректоры шешім қабылдап, оны ҚАЕУ-дың Ғылыми кеңесінің кезекті отырысында мәлімдейді.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Ғылыми жарияланымдарды бағалау жүйесінде немесе университет саясатына өзгерістер енгізілген жағдайда, бұл Ереже қайта қаралуы мүмкін.

5.2. Осы Ереже ҚАЕУ Ректоры қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2024 ж
	Ереже «Scopus, Web of Science Core Collection ғылыми мақалаларды жариялағаны үшін оқытушыларды көтермелеу тәртібі туралы»	ССБЖ 3-шығарылым

Келісілді:

ҚАЕУ ректоры,
PhD докторы

Мамбетқазиев А.Е.

Бірінші вице-президент,
PhD докторы

Байкенов Ж.Е.

Ғылыми жұмыс және жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру жөніндегі проректор,
қ.ғ.к., ҚАЕУ профессоры

Гаврилова Ю.А.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 02.09.2024 ж
	Ереже «Scopus, Web of Science Core Collection ғылыми мақалаларды жариялағаны үшін оқытушыларды көтермелеу тәртібі туралы»	ССБЖ 3-шығарылым

**«SCOPUS, WEB OF SCIENCE CORE COLLECTION БАЗАЛАРЫНДА
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖАРИЯЛАҒАНЫ ҮШІН ОҚЫТУШЫЛАРДЫ
КӨТЕРМЕЛЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ»
ЕРЕЖЕ**

Ақпараттық басылым

© Қазақстан-Американдық
еркін университеті, 2024 ж

070018, Өскемен қаласы, М.Горький көшесі, 76
тел. (7232) 50-50-10, 50-50-15
АҚШ кеңсесі: 44490 SE Phelps Rd., Sandy, OR
e-mail: kafu_ukg@mail.ru
веб-сайт: www.kafu